

Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы "Біржолғы талон негізінде кәсіпкерлік жасаушы жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызмет түрлері бойынша бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы" N 16/95 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2010 жылғы 3 маусымдағы N 33/185 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 шілдеде N 14-5-96 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 9/48 Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 9/48 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 10 желтоқсандағы 2008 жылғы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы "Біржолғы талон негізінде кәсіпкерлік жасаушы жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызмет түрлері бойынша бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-5-72 тіркелген, 3 сәуір 2009 жылғы "Шаян" газетінде жарияланған) № 16/95 шешімнің қосымшасы осы шешімнің № 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы "Біржолғы талон негізінде кәсіпкерлік жасаушы жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызмет түрлері бойынша бір жолғы талондар құнын белгілеу туралы" № 16/95 шешімі № 2 қосымшамен толықтырылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

Б.Қалаубай

Мәслихат хатшысы:

С.Спабеков

Бәйдібек

аудандық

мәслихатының

2010

жылғы

3

маусымдағы

№ 33/185 шешіміне № 1 қосымша

Бәйдібек

аудандық

мәслихатының

2009

жылғы

17

ақпандағы

№ 16/95 шешіміне № 1 қосымша

**Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар
үшін біржолғы талондар құнының мөлшері**

Рет саны	Кәсіпкерлік қызметтің түрлері	Біржолғы талон құны (теңге)
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
	1) газеттер мен журналдар	70
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдары (екпелер, көшет)	120
	3) бақша дақылдары	250
	4) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	150
	5) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдері	250
	6) жануарлар мен құстардың жемдері	300
	7) сыпыртқылар	250
	8) орман жидегі	250
	9) бал	250
	10) саңырауқұлақ	250
	11) балық	400
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	800
3	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын қызметі	40

Бәйдібек

аудандық

мәслихатының

2010

жылғы

3

маусымдағы

№ 33/185 шешіміне № 2 қосымша

Бәйдібек

аудандық

мәслихатының

2009

жылғы

17

ақпандағы

№ 16/95 шешіміне № 2 қосымша

**Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету
жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер
мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құнының мөлшері**

Рет саны	Сауда (тауар) түрі	Біржолғы талон құны (теңге)
	Базарларда тауарлар сату (базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (окшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда):	
	1) сүт және қышқыл сүт өнімдері	200

1	2) ұсақ-түйек тауарлар сату	200
	3) көкөніс және жемістер	250
	4) ет және ет өнімдері	1000
	5) құстар мен аңдарды сату	100
	6) кеңсе тауарлары, парфюмерия	300
	7) кеңсе тауарлары	300
	8) ірі қара мал	200
	9) ұсақ мал	100
2	Базар аумағында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар	150

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК